

**Көсемсөз және
көркемсөз****Литература и
публицистика****Literature and
journalism**

ӘОЖ 821.512.122.09

А.А. Абиыр

С. Демирел атындағы университет, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: abiy@mail.ru**Жастар поэзиясының көркемдік әлемі**

Мақалада тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының көркемдік сипаты мен жанрлық-поэтикалық-мәтіндік ерекшеліктеріне жан-жақты зерттеу жүргізген. Дәстүр негізінде қалыптасқан тәуелсіздік жылдарындағы жас ақындардың шығармаларындағы жаңашылдықты көркем тұрғысынан бағалап, ақындардың лирикалық өлеңдеріне тән көркемдік өрнектерді анықтай отырып жаңа заман поэзиясына көркемдік-стильдік тәсіл болып қалыптасуын зерделеді.

Түйін сөздер: поэзия, лирика, көркем бейнелер, лирикалық қаһарман.

A.A. Abiy

Art world of young poets

The social, political and cultural changes that took place in the society following Kazakhstan's gaining independence have been generously inspiring the Kazakh poetry. The innovative ideas born in the period known as the *Years of Independence* became another phase of spiritual renaissance, bringing in fresh viewpoints in the creativity and arts to the Kazakh literature. All of the global changes and social antagonisms, such as political and socio-philosophical, mental and psychological problems have been being reflected in various forms in the Kazakh poetry since 1991. This article primarily focuses on: comprehensive research into the art forms and scenic-poetical-textual aspects of the Kazakh poetry of the independence years; consideration of poetical aspects of the poetical works written during the independence years and determination of the place of some poets' oeuvres in the history of the Kazakh literature; evaluation of novelty in the traditional poetry of the independence years in terms of their artistic values and analysis of creative aspects of the poets' lyrical works through identification of their individual artistic devices.

Key words: poetry, lyrics, figurative pattern, mythological thinking, lyrical character.

А.А. Абиыр

Художественный мир молодых поэтов

В данной статье рассматривается творчество молодых поэтов, анализируется новаторство и новизна современной казахской поэзии. Раскрываются особенности творчества молодых поэтов, вклад поэтов в развитие казахской поэзии, а также поэтические особенности стихов и поэм.

Ключевые слова: поэзия, лирика, образные картины, лирический герой.

«Қазақтың халық поэзиясында табиғат суреті, жаратылыс көріністері үлкен орын алды. Бұлай болу заңды да. Сахарада көшіп жүрген, күнделікті өмірі жазда, күзде тіпті, жыл бойы дерлік кең далада, төңкерілген ашық апан астында, өзен-судың жағасында өтетін елдің өзін ұдайы табиғаттың аясында, құшағында отырғандай сезіну таңғаларлық нәрсе емес» – дейді теоретик

ғалым З. Ахметов. Шындығында да табиғатпен барынша жақындық ондағы құбылыстардың қыр-сырын ұғатын аңғарымпаздыққа жетелейді. Адамзат тірлігінің негізі табиғатта жатыр. Адам мен табиғат – күллі өнер туындысының нысаны. Әсіресе сыршыл өлеңде табиғаттың әрбір сәті түрлі тәсілмен жырланып, өзгеше бітімді көркем бейнеге айналды. Соның мысалы ретінде қазіргі

лирикамыздағы Ай мен Жұлдыздың бейне (персонаж) дәрежесіне көтеріліп, кескінделуін бір топ жас ақындармыздың поэзиясынан аңғарамыз.

XXI ғасырда поэзияға ағалары салған бағытты одан әрі дамыта бастаған, жаңа серпін, серпіле екпін бере алатын жас шайырлар келіп енді. Лирикада адам мен табиғат арасын кіріктіру, шендестіре бейнелеу үлкен поэтикалық зерделеуді қажет етеді. Қазіргі қазақ поэзиясындағы табиғат лирикасы жаңа дәуірлеу кезеңінде. Табиғатты сананың призмасы арқылы адам мінезінің қыр-сырымен салыстыра суреттеу, адамның жақсы-жаман іс-әрекеттері арқылы көрсету, тұлғалық деңгейдегі көрінісі дәрежесінде беру бүгінгі жастар поэзиясында жақсы игеріліп келеді.

Ежелгі ерте дәуірден адам өзін қоршаған орта – табиғатпен қарым-қатынас арқылы тылсым дүниенің сырын түсінуге тырысып, өзі таба алмаған дүние жауабын табиғаттан алған. Өзінен тысқары ұлан-ғайыр кеңістікті алып жатқан табиғат күшінен сескеніп, оның сыры көп жұмбағын шеуге ұмтылуы адамзат баласының әуелдегі шешімі еді. Адамзат әуелі табиғаттан үйренді, жаратылыстың адамға алғаш үйреткен қасиеті танымдық қабілет болды. Табиғат поэзиясы әр ұлт ұғымына, тіршілік, тұрмысына байланысты дамиды. Қоғам, заман өзгергенімен, табиғат сол сәби, бейкүнә, уыз қалпында қала бермек.

XXI ғасырда поэзияға ағалары салған бағытты одан әрі дамыта бастаған, жаңа серпін, серпіле екпін бере алатын жас шайырлар келіп енді. Лирикада адам мен табиғат арасын кіріктіру, шендестіре бейнелеу үлкен поэтикалық зерделеуді қажет етеді. Қазіргі қазақ поэзиясындағы табиғат лирикасы жаңа дәуірлеу кезеңінде. Табиғатты сананың призмасы арқылы адам мінезінің қыр-сырымен салыстыра суреттеу, адамның жақсы-жаман іс-әрекеттері арқылы көрсету, тұлғалық деңгейдегі көрінісі дәрежесінде беру бүгінгі жастар поэзиясында жақсы игеріліп келеді.

Бұлт-бұлт ойнап түтіннің күс білегі,
Тарамай тұр төбеде түс түнегі.
Зұлмат тұман еңсесін езе түсіп,
Тұмауратып, кәрі тау түшкіреді (1, 4)

Сірә, көздің «көлі» – мұң,
Кетер одан Ай ұлып. (2, 30)

Жел жүгірді етекте батылдана,
Үнсіз жатыр жер деген ақылды ана.
Ақ көрпеге орнған бәйбішедей,
Аппақ қарды жамылып жатыр дала.

(3, 15)

А. Блок тұжырымына сүйенсек, «Жай адамның көзі ажырата алмайтын қырларды шалса, табиғаттың бергі қабатын ғана көрмей, оның әр жағындағы сырды ұғып, сезінсе, сол адам – суреткер» (4, 123) Жоғарыда келтірілген өлеңдерден мезгіл көрінісін түйсінудегі асқан сезімталдығына, сезінгенін бейнеге айналдырудағы шеберлігіне ерекше назар саламыз. Уақыттың бір мезетін суреттегенде ақын табиғаты танып қана қоймай, оны өз әлеміне қарай икемдеп, бойына сіңірді. Бұл жерде Белинскийдің мына бір пікірін келтіре кетсек: Лирикада субъект затты өзінің аясына алып қана қоймай, оны ерітіп, іші-бауырына тартып алады... Лирика мылқау түйсікке тіл бітіріп, образ береді, оларды ыстық, тар кеуденің қысымынан көркем өмірдің тың әуесіне шығарып, өзгеше өмір береді.

Ақын Алмас Темірбайдың табиғат лирикасына жазған өлеңдерінің ішінен, Ай бейнесіне тоқталсақ. Ақында табиғат Алмастың көңіл-күйімен, толғаныс-шерімен бірге өріліп кете барады, яғни тақырып негізі – адам бейнесі де, оның образын ашуда табиғат элементі, көбінесе ай, күн, түн символикалары беріледі.

Мифологиялық ойлау дәуіріне тән мифтік санада күллі табиғат тірі, саналы рух түрінде қабылданады. Адам мен табиғат тепе-тең, ойлау, қайғыру, қуану сияқты сезім күйлерін адамға тән екені сияқты табиғатқа да тән деген сенім көркемдік ойлау жүйесіндегі бейнелі, астарлы, ишаралы мәндерге негіз болғаны белгілі. Тақырыпқа арқау болып отырған ай да сол табиғат құбылысы, нақтылай айтқанда оның бір сәті, мезеті. Ақынның «Пешене» деген өлеңіндегі негізгі мотив ретінде адам өз ойымен өзі сырласып, сыртық дүниенің де дерегімен қарсыласа отырып, «Өзімнен қашамын ба Өмірден қашамын ба?» – деген риторикалық сұрағының жауабына Өзге (Өзге – бұл жерде басқа адам, қоғам) мен Өлімді келтіреді. Өлеңдегі негізгі ортақ жауап:

Ұмтылып жарыққа бір,
Қашқанда қайда барам?!

Қара жер – алып қабір,
Басына Ай қадаған, –

деген өлең жолымен беріліп, осындағы Ай бейнесі өлеңнің анықтаушысы ретінде беріліп тұр. Өлеңдегі Ай – заттық бейне, бірақ поэтикалық тұрғыдан қарасақ, қара жердің жарығы, шырағы рөліндегі анықтамаға ие.

Айға байланысты образдарды қазіргі ақындардың поэзиясынан жиі ұшырасатынын атап айту керек. Ай лирикалық субъект ретінде қабылданады. Ай, әрине, бірінші ақиқат өмірде түнде көрінетін, сәуле шашатын, шағылысатын, өз формасын, фазасын өзгерте алатын аспан денесі. Айдың концептуалдық мағыналары:

- ай адамазат баласына тән эмоцияларды сезінетін тіршілік иесі;
- ай уақыттың қозғалысымен байланысты;
- ай күнге қарама-қарсы.

Интерпретациялық мәнде «Ай» эмоционалды және эстетикалық мағынадағы компоненттер. Эмоционалдық концепт тұрғысынан Ай лирикалық субъектінің эмоционалдық көңіл-күйіне жағымсыз әсер етеді. Айдың доминантты эмоциялары: мұң, қайғы, жалғыздық, күйзеліс, шарасыздық, жан ауруы. Кейбір ақиқат дүниелер адам санасындағы эмоционалды, аффективті көңіл-күй арқылы, ішкі сезім арқылы танылады.

Эстетикалық концепт тұрғысынан Ай- көркем танымда сезімдік бейнелеу әрекеттерінде белсенді қызмет атқарады. Айдың сәулесі, шуағы, сыршылдығы, жұмбақтығы, сұлулығы эстетикалық категорияда ерекше бейнелі. Маралтай Райымбекұлының өлеңдерінде Ай ақынның эмоционалдық көңіл-күйіне ерекше әсер ететіні көреміз.

Ай толғанда басым байлап пәлеге,
Жан ауырып, жалғыз қалдым және де.
Толған Айдың толқынынан көрдің ғой,
Менің демім өрт шарпып тұр әуеге

Сен мені жатырқама, жарық Айым,
Бұлттан шық, ақ нұрынды жамылайын.
Аққудай бір қыз бар еді, ақ маңдайлы,
Алысқа ұшып кетті-ау неғылайын?! (5, 10)

Алмат Исаділдің «Мұңайыс» өлеңінде:

Көктегі Айға ұмсынып,
Айтып ем, сеніп сырымды,
Жұлдыздар және күрсініп,
«Мұңдығой» деді, жырымды. (6, 6)

Ерғали Бақаш «Сынық Ай сырын ашпайды»

Сынық Ай сырын ашпайды,
Кірбің көңілі тазармай.
Ойларым аулақ қашпайды,
Жақсы бір өлең жазардай (7,97).

Алмас Темірбай «Ай туардағы жыр» өлеңінде:

Есірке, ескі Айым,
Жарылқа, жаңа Айым.
Қызарып батсыншы кеш дәйім,
Ағарып атсыншы таң ләйім (8, 14) –

Қазақтардың ұлттық болмысында Жаңа Ай туған кезде айға сәлемдесу, яғни бір айдан екінші айға аман-есен жеткеніне амандасу арқылы Аймен диалог, тілдесуі исламға дейінгі дәуірден келе жатқан дәстүр екені белгілі. Ай – мұсылмандық салтымыздың символикасы. Ақындардың Айға «дұға оқытып» қоюы кездейсоқтық емес.

Қазақ өлеңіндегі жиі кездесетін Ай образы ұлттық әдет-ғұрыптан бастау алады. Ата-бабалардың ерте дүниедегі Тәңірге сенуінен бастап, бертінгі исламға кіргеннен кейінгі дәуірлерде де Ай бейнесі ерекше тотемдік белгіні білдірген. Адам айға сеніп, ол туралы тұтас бір дүниетаным философиясын тудырған. Түркілер табиғатты жатсынып, жатырқап, оны бөле-жара алып қарамаған. Халық аспанға, жерге, күнге, айға, отқа, суға сыйыну, табыну сияқты тәңірлік, сиқырлық, имандылық дәстүрді қалыптастыра отырып, өзінің наным-сенімдерін бекітті. Соның бір объектісі – Ай. Айға сену, оны пір тұту, ай арқылы тілек білдіру, бата беру ғұрпы енді. Екіншіден, Ай – түн-түнөктен құтқаратын, қараңғылықтан қорғайтын, адасқанға жол сілтейтін бағдар ретінде де адамдар санасында жақсылықтың нышанына айналды. Осыған дәлел ретінде Алмастың «Ай» атты өлеңінде:

Бісімилла, бісімилла... жата ғой,
Қатты ұйқыға, тәтті ұйқыға бата ғой.
Бүгін ғана толған Айдай толықсып,
Ертең жаңа таным болып ата ғой –

деп өлеңін бастаған ақын бүлдіршін қызының кешке ұйықтар алдындағы «Көке, маған айды алып берші» деген сұрағына жауап ретінде ай туралы тамаша суретті бейнелейді. Қазақы сана-

сының ғасырлар бойы жинақталған бар ұғымын,
нанымын өлеңмен өте шебер өрнектейді.

«Әке, сені мен көтеріп тұрамын,
Алып берші, ойнаймын...», – деп жыладың.
Ай дегенің – ата-баба арманы,
Ал арманмен ойнамайды, шырағым!.. (8: 14)

Өлеңін «Енді, балам, тәтті ұйқыңа бата ғой,
түсінде өзіңе айды әперген әкенді көретін бол»
деген тілекпен аяқтаған Алмас бүлдіршінге
бата берген ақсақал бейнесінде көрініп, ай мен
адам ұқсастығына шәк келтірмейді. Киелі затқа,
құбылысқа, болмысқа табынуды ғылымда
фетишизм дейтін болсақ, Алмас осыны поэзияда
әсем әспеттеген. Қазіргі қазақ поэзиясында ай
образы тұтас типтік бейнеге айналып, жас
ақындар шығармаларында ерекше орын алады.
Ақындар Айды адам ретінде қабылдап, ақын
ретінде өзінің сырын бөліседі, мұң-шерін
таркатады.

Нән қалада көп адастым қайғырып,
Қылығымды қызықтады Ай күліп (6,61)

Ай жатыр. Жылжымайды,
Тұншығып кім жылайды?..

Толған айдың толқынынан көрдің ғой,
Менің демім өрт шарпып тұр әуенге
(Райымбекұлы 2001: 15)

Кейіптеу тәсілі лирикалық поэзияда әр
түрімен, сан қырымен қолданылып келеді.
Адамның көңіл күйін, әрбір сәттегі толқуы
мен толғанысын, қуанышы мен мұңын табиғат
құбылыстары арқылы бейнелеп көрсетуде
кейіптеу тәсілі жетекші орын алады десе
де болады. Ай мен күн, жел, тұн, өзен, гүл
сияқты табиғаттағы заттар мен құбылыстар
көркемдік ойлау жүйесіндегі адамға тән іс-
әрекеттерімен ауыстырылып, салыстырылып,
егізделіп көрсетіледі. Мұндай қолданыстардың
арасындағы байланысты тағы да көне дәуірдегі
таным, басқаша айтсақ, мифтік сана үстемдік
еткен дәуірдегі мифологиялық ойлау жүйесі
мен адамзат санасы өскен тұстағы көркемдік
ойлау жүйесі арасынан іздеу заңды. Кейіптеу
– лирикалық қаһарман болмысын ашудың
бірден-бір жолы. Қазіргі поэзия үлгілерінен
жаңғыртыла, жаңартыла жасалған кейіптеулерді
молынан ұшыратуға болады. Кейіптеу туралы
сөз қозғағанда ең әуелі табиғат құбылыстары

мен заттарының суреттелуінен тоқталсақ,
поэзия тілінде аспан, бұлт, тұн, жел, т.б. ұғымдар
адамға тән іс-әрекетпен көрсетіледі. Көңіл күй
құбылыстарын, күйініш-сүйеніш сезімдерін
өлең тілімен өрнектеу ақыннан шеберлікпен
қатар сезімталдықты, аңғарымпаздықты талап
ететіні ақиқат. Қазіргі лирикамыздағы тіл
кестелілігі, бейнелеу шеберлігі мәселесін ауызға
алғанда бірден кейінгі буын өкілі – Маралтай
Райымбекұлы есімі. Ақын өлеңдерінен мысал
келтірейік:

Көкжиегімнен көтерілді Күн налып,
Көкірегімнен дүбірлі сезім ұрланып.
Сондай бір сәтте иесіз қалған жүрекке
Создың ба қолың, саусағы – сәуле бір бақыт
(10, 23)

Бір ғана сәттегі табиғат суреті. Ақын көңіл
күйін «налыған күн» арқылы берсе, «қолын
созуы», «саусағы – сәуле бір бақыт» сынды сөз-
бен сурет салатын ақынның бұл тосын кейіптеуі
бүгінгі ұлттық поэзиямыздың көркемдік қуатын
танытатын сипатының бірі деуге болады. Жал-
пы, ақын табиғатпен етене араласып, оны сөйле-
туге бейім. Сезім әлеміндегі күллі құбылысты
табиғат арқылы бейнелеп жеткізудегі шеберлігі
кейіптеу тәсілімен жазылған өлеңдерінен көрініс
беріп отырады.

Ақын өлеңдерінде табиғатты әрбір зат, әрбір
құбылыс назардан тыс қалмай, поэтикалық
оралымға еніп кете береді. Солардың бірі – Ай.
Ай мифологиялық дәуірдің, мифтік сананың
жемісі болса, Маралтай өлеңі бейнелі ойлау
шартымен туындаған шығарма.

Айдың поэтикалық кейіптеу түрінде бей-
неленуі Маралтай лирикасындағы әртүрлі
жолдармен көрінеді. М. Райымбекұлының «Ай»
атты өлеңдер жинағының алғы сөзінде Н. Ора-
залин былай дейді: «Маралтай ақын мұңға,
қасіретке, қара түске жақын. Онысы біреулерге
ұнамай қалуы да кәдік емес. Өз басым оны
мін санамаймын. Мұң мен қасіреттің сиясына
малынбаған қаламнан шындықты арқау етер
жырлар тумайды... Маралтай өзінің ертеңгі
күнінің биіктері мен асуларына дайындағысы
келсе, поэзияның кеңістігі мен тереңіне жетелер
алуан-алуан үдерістерге, ізденістерге батыл
баруы керек» (Оразалин 2001:5). Бұл жерде ақын
ізденісінің нәтижесі, талант қуаты алдыңғы
орынға шығады. Ақынның «Ай» атты өлеңінде:

Ай толғанда күрсініп қап көкірек, –

деп келетін жолдар бар болса,

Ай толғанда басым байлап пәлеге,
Жан ауырып, жалғыз қалдым және де.
Толған айдың толқынынан көрдің ғой,
Менің демім өрт шарпып тұр әуеге (10, 10) –

болып өрілген жол лирикалық кейіпкер көңіл күйін танытып тұр. Сол сияқты кейіптеу тәсілімен суреттелген түн, жұлдыз сияқты табиғат құбылысы мен уақыт мезгілі ақын өлеңіне тән бейнеліліктің бірден-бір сипаты.

Ақынның «Жас жуар» өлеңі тұтасымен кейіптеу тәсілімен жазылған. «Үздіге қарау» тіркесі эспрессивті-эмоционалды мәні арқылы адамның аспан әлеміне, жұлдызға қимастығын танытады. Жұлдызға айналуын арман еткен ақынның ішкі толғаныстарын, келесі жолдағы құсаға толы кеудесін «дүр» деген айқындаумен беріп, қуанышын, шаттығын «көміліп қалған күлкімен» ұластырады.

Өмірдің өзекті өртер өткіншілігі, табиғаттың тамаша сәттердің тұрлаусыздығы аталмыш өлеңнің өзегіне алынған. Өлең мазмұнына тереңірек үңілгенде тебіреніспен суреттелген жұлдыз бейнесі, оның іс-әрекеті көрінеді.

Үздіге қарап Үркерге...
(Жұлдыз боп кетсем, шіркін-ай!)
Құсаға толы дүр кеуде,
Көміліп қалған күлкім-ай (10, 57)

Өлеңнің өн бойында мұңлы леп бар. Адам өзін табиғаттан бөлмеген көне замандарда қалыптасқан түсінік кейіннен бейнелеуіштік сипат алғанына С. Қасқабасов миф туралы зерттеуінде тоқталып өтеді (11, 89). Табиғатты тірі рух түрінде қабылдаған ұғым олармен тілдесуге, мұңдасуға болады деген сенімді тудырса, уақыт өте бұл түсінік көркемдік ойлау жүйесінде маңызды қызмет атқарады. Халықтық поэзияда көп ұшырасатын психологиялық егіздеу, ауыстыру, үлгілері де сол сенімнен бастау алып, кейіптеу тәсілімен сабақтасып жатады. Сондай-ақ лирикалық кейіпкер айға қарата сөйлеп, адаммен тілдескендей тілдеседі:

Сен мені жатырқама, жарық Айым,
Бұлттан шық, ақ нұрыңды жамылайын, –

«Сөзді әлденедей бір жансыз нәрсеге,

затқа қаратып айту да жиі қолданылатын тәсіл. Осындай арнау сөздің әсерлілігі сезімнің күшінде деп білу керек. Тілсіз дүниеге, затқа, құбылысқа қаратып сөз айтушы адам солар сөзін тыңдап, ден қойып тұрғандай, солармен тілдескендей тебірене сөйлейді. Ал мұның өзі адамның толғанған, ой-сезімге берілген шағын танытады», – деп жазады теоретик ғалым З. Ахметов (12, 56).

Қазіргі қазақ лирикалық қазақ поэзиясындағы дерексіз ұғымдарды заттандыру, жансызға жан бітіру, тілсізді сөйлету, тіпті, дерексіз дүниелердің өзіне тіл бітіру тәсілдерінің түрлері көп, бұрынғы кезеңдерден де әлдеқайда кең қолданылып, мейілінше өрістеуі. Бұның да негізінде тақырыптық-идеялық тереңдеулер жатқанын аңғаруға болады. Өйткені психологиялық, философиялық лириканың негізгі нысандары – ой, қиял, бақыт, өмір, сезім (сағыныш, аңсау, мұң, үміт, арман, қайғы, үрей, қуаныш) секілді көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстауға болмайтын абстрактілі нәрселер, дерексіз ұғымдар мен құбылыстарды суреттеудің әсерін аса күшейту үшін оларды заттандыру, жандандыру тәсілдеріне жүгіну – өте ұтымды әдіс.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы көркемдік тәсілдер мен бейнелеу құралдарының қолдануындағы ерекшелік, олардың барлығына ортақ сипат – неғұрлым күрделілік, интеллектуалды поэзияға тән көпқырлылық. Көркемдік тәсілдер мен бейнелеу құралдарының барлығы да қазіргі қазақ өлеңінде бір-бірімен араласып, біріне-бірі және бір мақсатқа қызмет етіп тұрған күрделі құрылымда жиі бас қосатыны байқалады. Олардың жеке-дара тұруы, жалаң түрде келуі, әрине, бұрынғыдай әлі де көп кездеседі, дегенмен қазір олардың қай-қайсысының да жаппай күрделі формада араласа, қабаттаса қолданылу үрдісі қалыптаса бастағанын байқамау мүмкін емес. Бұл – жаңа, күрделі поэтикалық тіл пайда бола бастады деген сөз. Жоғарыда айтылған дерексізді заттандыру тәсілінің қолданылуынан да көп мысал келтіре аламыз. Мәселен, аталмыш тәсілге жиі жүгініп, оны күрделі түрде әрі шебер қолдана білген ақын Маралтай Райымбекұлы өлеңдерінен төмендегідей үлгі-үзінділерді талдап көрелік:

1. Қара түн құлайды бауырына алып даланы,
2. Күрең нұр көкжиек көзінде мелдеп тұр,

3. Қатқан қан сияқты.

4. Жұлдыздар қаралы... ғаламның бетінде жаралы (Райымбекұлы 2001.28)

Алынған мысалдардағы заттанып тұрған абстракттілі, дерексіз нәрсе мұң, үміт. Осылардың заттануының, жандануының әр мысалдағы сипаты мен қызметін жеке талдап көрейік.

Бірінші мысалдағы дерексіз мұңға түннің даланы бауырына алу арқылы ақын оны тек қана жандандырып отырған жоқ, сонымен бірге оған түннің қараңғылығын әсерлеп те отыр. Нәтижесінде қара түн бейнесін тудырып отырған қайғы-мұңның әсері, тіпті, күшейе түскендей. Олеңнің екі тармағына да бірнеше тәсілдер мен бейнелеу құлалдары тоғысып тұр, олар: дерексізді нақтылау, кейіптеу және әсерлеу.

Екінші жолдағы «Күрең нұр» мен «Қатқан

қан сиықты» теңеу өзара бірлікте алынып, «жұлдыздар қаралы» деп адам санасына образды түрде әрі психологиялық әсермен жеткізуге қызмет етіп тұр.

Лирикалық уақыт мезетінің суреттелуінің өзі түрлі бейнелеу тәсілдерімен жүзеге асатынына арғы-бергі кезеңдегі поэзиялық туындыларда көп мысалдар келтіруге болады. Адам мен табиғат – күллі өнер туындысының нысаны. Әсіресе сыршыл жанр лирикада уақыттың әрбір сәті түрлі тәсілмен жырланып, өзгеше бітімді көркем бейнеге айналды. Соның мысалы ретінде қазіргі лирикамыздағы түннің бейне (персонаж) дәрежесіне көтеріліп, «кескінделу» сөзі өлеңнен гөрі бейнелеу өнеріне жақын, дегенімен бейнелеу суретпен ғана емес, сөзбен де мүсінделетіні шындық.

Әдебиеттер

- 1 Әскербекқызы Ж. Қаракөз – бұлақ. – Алматы, 2001. – 25 б.
- 2 Қамшыгер С. Жүректегі ағыстар. – Алматы, 2008. – 43 б.
- 3 Сарыбай Б. Айна. – Алматы, 2003. – 56.
- 4 Блок А. Әдебиет туралы. – М., 1980. – 153 б.
- 5 Райымбекұлы М. Ай. – Алматы, 2001. – 26 б.
- 6 Исаділ А. Көңіл алаң. – Алматы, 2008. – 46 б.
- 7 Бақаш Е. Жастық жалыны. – Алматы, 2012. – 85 б.
- 8 Темірбай А. Мың бір мұң. – Алматы, 2008. – 79 б.
- 9 Райымбекұлы М. Ай. – Алматы, 2001. – 15 б.
- 10 Райымбекұлы М. Кентавр. – Алматы, 2008. – 51 б.
- 11 Қасқабасов Сейіт Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984. – 32 б.
- 12 Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Алматы, 2002. – 28 б.

References

- 1 Askerbekyzy Zh. Karakoz – bulak. – A., 2001. – Page 25.
- 2 Kamshyger S. Zhurektegi agys. – A., 2008. Page 43.
- 3 Sarybai B. Ayna. – A., 2003. Page 56
- 4 Blok A. Adebiet turaly. – M., 1980. – Page 153.
- 5 Raiymbekuly M. Ay. – A., 2001. – Page 15.
- 6 Isadil A. Konil alan. – A., 2008. – Page 46
- 7 Bakash E. Zhastyk zhalyny. – A., 2012. – Page 85
- 8 Temirbay A. Myn bir mun. – A., 2008. Page 79.
- 9 Raiymbekuly M. Ay. – A., 2001. – Page 15.
- 10 Raiymbekuly M. Kentavr. – A., 2008. – Page 51
- 11 Kaskabasov S. Kazakhtyn halyk prozasy. – A., 1984. – Page 32
- 12 Ahmetov Z. Poezya shyny – danalyk. – A., 2002. – Page 28.